

**Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің, қызметі ерікті түрде және мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тарату комиссияларының есеп және қосымша ақпарат беру нысанын, мерзімдері мен кезеңділігін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 116 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21834 болып тіркелді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және 74-5-бабының 7-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.09.2021 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің (бұдан әрі – таратылатын банк), қызметі ерікті түрде және мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының (бұдан әрі – қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы) тарату комиссиялары беретін есептердің және қосымша ақпараттың мынадай нысандары бекітілсін:

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің балансының нысаны;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің баланстан тыс шоттары бойынша есептің нысаны;
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есептің нысаны;
- 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес таратылатын банк міндеттемелерінің жай-күйі туралы есептің нысаны;
- 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің касса және ағымдағы шоттар бойынша ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы есептің нысаны;
- 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының дебиторлық берешегінің жай-күйі туралы есептің нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының кепiл мүлкiнiң жай-күйi туралы есептiң нысаны;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының меншiктi мүлкiнiң жай-күйi туралы есептiң нысаны;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының тарату комиссиясы жасаған шығыстар туралы есептiң нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес тарату комиссиясының өтеулі қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсететін қызметкерлер мен тұлғалардың саны туралы есептiң нысаны;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес таратылатын банк, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы кредиторларының шағымдар (өтiнiштер) беру үшiн белгiленген мерзiм өткеннен кейiн мәлiмделген, кредиторлар талаптарының тiзiлiмiне енгiзiлмеген талаптарын есепке алу журналының нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының дебиторлық берешегін өндiрiп алу және кепiл мүлкiнiң жай-күйi туралы есептiң нысаны;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының тарату комиссиясының басшы қызметкерлерiне, борышкерлерiне, төрағасына, мүшелерiне немесе қызметкерлерiне қатысты қозғалған қылмыстық iстер туралы есептiң нысаны;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің аралық тарату балансының нысаны;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес тарату процесiнiң басындағы таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының кредиторлары тiзiмiнiң нысаны;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының кредиторлары мәлiмдеген шағымдарды (өтiнiштердi) есепке алу журналының нысаны;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының талап етiлмеген кредиторлық берешегiн есепке алу журналының нысаны;

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының меншiктi мүлкiн есепке алу журналының нысаны;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының дебиторлық берешегін есепке алу журналының нысаны;

20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің аралық тарату балансына енгізілген кредиторлар талаптары тізілімінің нысаны;

21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің аралық тарату балансына енгізілген кредиторлар талаптары тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар нысаны;

22) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің тарату балансының нысаны;

23) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының активтер мен міндеттемелер туралы есебінің нысаны.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**2. Алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Ай сайынғы есеп қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган):

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) күнінен кешіктірілмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

Бірінші жартыжылдық үшін есеп уәкілетті органға:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда - 6 (алтыншы) шілдеден кешіктірілмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда - 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірілмей ұсынылады.

Жылдық есеп уәкілетті органға:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда - есепті жылдан кейінгі жылдың 25 (жиырма бесінші) қаңтарынан кешіктірілмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда - есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады.

Егер есептерді ұсыну мерзімінің соңғы күні жұмыс күні емес күнге келсе, онда мерзім келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

4. Ай сайынғы есепте мыналар қамтылады:

1) осы қаулының 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептер;

2) осы қаулының 7-тармағында көрсетілген ақпарат қамтылатын есепті кезеңдегі таратылатын банктегі тарату барысының жай-күйі туралы түсіндірме жазба (бұдан әрі – түсіндірме жазба).

Ай сайынғы есептің есепті күні есепті айдан кейінгі айдың бірінші күні болып табылады. Күнтізбелік 1 (бір) ай есепті кезең болып есептеледі.

5. Бірінші жартыжылдықтағы есепте мыналар қамтылады:

1) осы қаулының 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12) және 13) тармақшаларында көзделген есептер;

2) осы қаулының 7-тармағында көрсетілген ақпарат қамтылатын түсіндірме жазба.

Бірінші жартыжылдық үшін есептің есепті күні 1 (бірінші) шілде болып табылады. Жартыжылдық есеп үшін 1 (бірінші) қаңтардан бастап 30 (отызыншы) маусымға дейінгі бірінші жартыжылдық есепті кезең болып табылады.

Таратылатын банктің тарату комиссиясының екінші жартыжылдықта орындаған жұмысы туралы есеп ұсынылмайды.

6. Жылдық есепте мыналар қамтылады:

1) осы қаулының 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12) және 13) тармақшаларында көзделген есептер;

2) осы қаулының 7-тармағында көрсетілген ақпарат қамтылатын түсіндірме жазба.

Есепті жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қаңтары жылдық есептің есепті күні болып табылады. 1 (бірінші) қаңтардан бастап 31 (отыз бірінші) желтоқсанға дейінгі күнтізбелік жыл жылдық есеп үшін есепті кезең болып табылады.

7. Есепті кезеңдегі түсіндірме жазбада (ай сайынғы, жартыжылдық, жылдық есептер):

1) таратылатын банкті тарату, тарату комиссиясын тағайындау, тарату комиссиясының құрамын өзгерту туралы шешім қабылдаған күн мен орган;

2) өзгерістер себептері көрсетіле отырып, таратылатын банктің активтері мен міндеттемелері бойынша өзгерістер;

3) дауларды алдын ала сотқа дейін шешу және (немесе) сот ісін жүргізу шеңберіндегі жұмыстың сипаттамасы;

4) тарату комиссиясының таратылатын банктің мүлкімен жұмысы;

5) тарату комиссиясының кредиторлармен және таратылатын банктің ағымдағы берешегі бойынша жұмысының сипаттамасы;

6) шығыстардың бекітілген сметаларына сүйене отырып, артық шығынның және (немесе) үнемдеудің болуы туралы ақпаратты көрсете отырып, тарату өндірісіне арналған шығыстар;

7) таратылатын банкті тарату ісін аяқтаудың негізгі проблемалары мен перспективалары туралы ақпарат қамтылады.

Есепке түсіндірме жазбада таратылатын таратылатын банктің дебиторлары құжаттарының жоғалуына байланысты жүргізілген іс-шаралар туралы және таратылатын банктің кепіл мүлкімен жұмыс істеу туралы ақпарат көрсетіледі.

Есептілікте келтірілген баптардың сыныпталуы олардың мағынасын түсіндіретін ақпаратпен толықтырылады. Есепті кезеңде болған өзгерістер жиынтық шамаларды сипаттай отырып, әрбір бап бойынша ашылады.

8. Осы қаулының 1-тармағының 14) тармақшасында көзделген аралық тарату балансы мынадай құжаттар негізінде жасалады:

1) баланс шоттарына жеке шоттар, таратылатын банктің талдау және синтетикалық есебінің тіркелімдері;

2) таратылатын банктің бухгалтерлік және заң құжаттарын, активтері мен міндеттемелерін түгендеу актілері;

3) таратылатын банктің тарату процесінің басындағы балансы;

4) тарату процесінің басындағы таратылатын банктің баланстан тыс шоттары бойынша деректер;

5) осы қаулының 1-тармағының 15), 16), 17), 18), 19) және 20) тармақшаларында көзделген қосымша ақпарат.

9. Таратылатын банктің аралық тарату балансына мынадай есептер мен құжаттар қоса беріледі:

1) тарату басталғаннан бастап аралық тарату балансы жасалған күнді қоса алған кезеңге арналған айналым-сальдо ведомосі;

2) мыналар туралы ақпарат қамтылатын түсіндірме жазба:

таратылатын банкті тарату, тарату комиссиясын тағайындау, тарату комиссиясының құрамын өзгерту туралы шешім қабылдаған күн мен орган;

тарату комиссиясы жүргізген іс-шаралар;

өзгерістер себептері көрсетіле отырып, тарату басталғаннан бастап аралық тарату балансын жасау күніндегі жағдай бойынша активтер мен міндеттемелер бойынша өзгерістер;

дебиторлық және кредиторлық берешектің жағдайы;

таратылатын банктің кепіл және меншікті мүлкі;

тарату ісін жүргізуге кедергі келтіретін негізгі проблемалар.

10. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 114 қаулысымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21716 болып тіркелген Банктерді таратуды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының қызметін мәжбүрлеп тоқтату қағидаларының және қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссияларының жұмысына қойылатын талаптардың 90-тармағында белгіленген

аралық тарату балансын жасау мерзімі өткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде оны есептілік нысандарымен және құжаттармен уәкілетті органға бекіту үшін, ал ерікті түрде таратылған кезде – таратылатын банк акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткенге дейін қарау үшін 2 (екі) данада ұсынады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.09.2021 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11. Осы қаулының 1-тармағының 21) тармақшасында көзделген таратылатын банктің аралық тарату балансына енгізілген кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар (бұдан әрі – кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар) тарату комиссиясы кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ресімделеді.

12. Тарату комиссиясы уәкілетті органға бекіту (банкті мәжбүрлеп тарату, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату кезінде) немесе қарау үшін таратылатын банк акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткенге дейін (ерікті тарату кезінде), Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің уәкілетті органы бекіткенге дейін (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тоқтату кезінде) кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу себептері туралы түсіндірме жазбаны және олардың негізділігін куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, екі данада қалыптастырылатын кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ұсынады.

Уәкілетті орган күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды бекітеді (мәжбүрлеп тарату, қызметін мәжбүрлеп тоқтату кезінде) немесе қарайды (ерікті түрде тарату, қызметін ерікті түрде тоқтату кезінде).

Кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар бекітілгеннен кейін (мәжбүрлеп тарату, қызметін мәжбүрлеп тоқтату кезінде) немесе қаралғаннан кейін (ерікті түрде тарату, қызметін ерікті түрде тоқтату кезінде) осы құжаттың бір данасы тарату комиссиясына қайтарылуға тиіс, ал екінші данасы уәкілетті органда қалады.

Ерікті түрде таратылатын банктің, қызметі ерікті түрде тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының кредиторлары талаптарының тізіліміне бекітілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмесі таратылатын банк акционерлерінің жалпы жиналысы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің уәкілетті органы оларды бекіткен күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға назарда ұстау үшін ұсынылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Тарату туралы есеп және таратылатын банктің тарату балансы тарату комиссиясы таратылатын банктің ісін аяқтау іс-шараларын толық көлемде жүргізгеннен кейін жасалады және мыналар:

1) таратылатын банкті тарату туралы шешім қабылданған күн және оны қабылдаған орган;

2) уақытша әкімшіліктің (таратылатын банкті мәжбүрлеп тарату кезінде) және тарату комиссиясының тағайындалғаны, тарату комиссиясы құрамының өзгергені;

3) бірінші кезектегі іс-шаралардың орындалуы, аралық тарату балансының жасалуы және бекітілуі;

4) таратылатын банктің кредиторлары комитетінің құрылуы, бекітілуі және жұмыс істеуі;

5) таратылатын банктің тарату процесі басталған кездегі активтерінің жай-күйі;

6) таратылатын банктің борышкерлерінен дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша жүргізілген іс-шаралар;

7) таратылатын банктің мүлкін сату бойынша жүргізілген іс-шаралар;

8) таратылатын банктің ағымдағы шоттары және кассасы бойынша ақша қалдығы және қозғалысы;

9) таратылатын банктің тарату процесі басталған күнгі жағдай бойынша міндеттемелері;

10) таратылатын банк кредиторларының алдындағы міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат қамтылады.

Таратылатын банкті тарату туралы есепке таратылатын банк филиалдарының (өкілдіктерінің) есептік тіркеуден шығарылғанын, таратылатын банктің тұрақты сақтауға жататын құжаттарын таратылатын банктің орналасқан жері бойынша мемлекеттік мұрағаттарға реттелген тәртіппен сақтауға өткізілгенін растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

14. Осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банкті және қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының таратылуы туралы есеп, таратылатын банктің тарату балансы келісу (мәжбүрлеп тарату, қызметін мәжбүрлеп тоқтату кезінде) немесе таратылатын банк акционерлерінің жалпы жиналысы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің уәкілетті органы бекіткенге дейін қарау үшін (ерікті түрде тарату, қызметін ерікті түрде тоқтату кезінде) уәкілетті органға бір данада ұсынылады.

Уәкілетті орган тарату туралы есепті және тарату балансын олар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде келіседі (мәжбүрлеп тарату, қызметін



мәжбүрлеп тоқтату кезінде) немесе қарайды (ерікті түрде тарату, қызметін ерікті түрде тоқтату кезінде).

Таратылатын банктің және қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының таратылуы туралы есеп және таратылатын банктің тарату балансы келісілгеннен кейін (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қаралғаннан кейін (ерікті тарату, қызметін ерікті түрде тоқтату кезінде) тарату комиссиясына қайтарылады, олардың көшірмесі уәкілетті органда қалады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15. Тарату комиссиясы:

1) мәжбүрлеп таратылатын банктің – уәкілетті органмен келісілгенінен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде тарату туралы есепті және таратылатын банктің тарату балансын бекіту үшін сотқа ұсынады;

2) ерікті түрде таратылатын банктің – уәкілетті орган қарағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде тарату туралы есепті және таратылатын банктің тарату балансын акционерлердің жалпы жиналысына бекітуге шығарады.

Мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы сотқа тарату туралы есепті ұсынғаннан кейін ай сайын, сотқа тарату туралы есеп ұсынылған айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күшінен кешіктірмей уәкілетті органға оның сотта қаралу барысы туралы ақпарат ұсынады.

Тарату комиссиясы бекітілген тарату туралы есептің және таратылатын банктің тарату балансының көшірмелерін уәкілетті органға "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 73-бабының 7-тармағында белгіленген мерзімдерде ұсынады.

15-1. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қызметін ерікті түрде тоқтататын тарату комиссиясы уәкілетті орган қарағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi қызметін тоқтататын филиалының таратылуы туралы есепті Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнің уәкілетті органына бекітуге шығарады.

Қызметі ерікті тоқтатылатын бейрезидент-банк филиалының тарату комиссиясы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 69-бабының 6-тармағында белгіленген мерзімдерде уәкілетті органға тарату туралы бекітілген есептің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының қызметін тоқтататын міндеттемелер мен активтері туралы тарату есебінің көшірмесін ұсынады.

**Ескерту. 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**



16. Мыналардың:

1) "Ерікті және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиясының есеп және қосымша ақпарат беру нысандарын, мерзімдері мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 227 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13057 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2 "Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиясының есептері мен қосымша ақпаратының нысандарын, ұсыну мерзімдерін және кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 227 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 мамырдағы № 71 қаулысының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18683 болып тіркелген, 2019 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

17. Банктерді реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

18. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

19. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің Төрағасы*

*М. Абылкасымова*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту

## Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректер нысаны [www.finreg.kz](http://www.finreg.kz) интернет ресурсында орналастырылған

## Таратылатын банктің балансы

Әкімшілік деректер нысанының индексі: F1-LKB

Кезеңділігі: ай сайынғы, жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20 \_\_\_\_ " \_\_\_\_ " " \_\_\_\_\_ " жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті және мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиялары

Ұсыну мерзімі:

ай сайынғы есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) күнінен кешіктірілмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірілмей ұсынылады;

бірінші жартыжылдық үшін есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда – 6 (алтыншы) шілдеден кешіктірілмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда – 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірілмей ұсынылады;

жылдық есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда – есепті жылдан кейінгі жылдың 25 (жиырма бесінші) қаңтарынан кешіктірілмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда – есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады.

Нысан

(мың теңгемен)

№	Көрсеткіштер	Есепті күнгі жағдай бойынша
1	2	3
	АКТИВТЕР	
1.	Ақша және оның баламалары	
2.	Таратылатын банктегі қаражат және оның баламалары	

3.	Бағалы қағаздар, оның ішінде есептелген сыйақы	
4.	Клиенттерге берілген қарыздар	
5.	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	
6.	Негізгі қаражат, материалдық емес активтер және басқа да қорлар	
7.	Басқа да активтер	
	Активтер бойынша жиынтығы:	
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
1	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары және салымдары	
2.	Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар	
3.	Клиенттердің қаражаты	
3.1	Жеке тұлғалар	
3.2	Заңды тұлғалар	
3.3	Квзимемлекеттік сектор	
4.	Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	
5.	Басқа да міндеттемелер	
	Міндеттемелер бойынша жиынтығы	
<b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ</b>		
1.	Жарғылық капитал	
2.	Резервтік капитал және қайта бағалау резервтері	
3.	Бөлінбеген таза пайда (өтелмеген шығын)	
	Меншікті капитал бойынша жиынтығы	

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) \_\_\_\_\_ телефоны \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

\_\_\_\_\_

қолы, телефоны

Төраға немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

қолы, телефоны

Таратылатын банктің  
балансы нысанына  
қосымша

## **Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

### **Таратылатын банктің балансы**

(индексі: F1-LKB, кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық)

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Таратылатын банктің балансы" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 74-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді

3. Нысанды жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі теңгемен белгіленеді.

4. Нысанға тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

#### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 2-бағанда тарату балансы бабының атауы көрсетіледі.

6. 3-бағанда тарату балансы баптарының сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту  
Агенттігінің Басқармасының  
2020 жылғы 14 желтоқсандағы  
№ 116 Қаулыға  
2-қосымша

#### **Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректер нысаны [www.finreg.kz](http://www.finreg.kz) интернет ресурсында орналастырылған

#### **Таратылатын банктің баланстан тыс шоттары бойынша есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: F2-LKB

Кезеңділігі: ай сайынғы, жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20 \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті және мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиялары

Ұсыну мерзімі:

ай сайынғы есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) күнінен кешіктірілмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірілмей ұсынылады;

бірінші жартыжылдық үшін есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда – 6 (алтыншы) шілдеден кешіктірілмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда – 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірілмей ұсынылады;

жылдық есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда – есепті жылдан кейінгі жылдың 25 (жиырма бесінші) қаңтарынан кешіктірілмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда – есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады.

Нысан

(мың теңгемен)

Шоттың нөмірі	Шоттың атауы	Шартты және ықтимал талаптар			
		Тарату процесінің басында	Алдыңғы есепті күнгі жағдай бойынша	Есепті күнгі жағдай бойынша	Өзгеріс (5-баған – 4-баған)
1	2	3	4	5	6
6000-6500	Аккредитивтер бойынша шоттар				
6050-6550	Кепілдіктер бойынша шоттар				
6080-6580	Борышкерге форфейтинг операциялары бойынша талаптар (міндеттемелер)				
6100-6600	Болашақта салымдар мен қарыздарды орналастыру бойынша шоттар				

6130-6630	Клиенттердің жылжымайтын салымдары бойынша шоттар				
6150-6650	Болашақта салымдар мен қарыздарды алу бойынша шоттар				
6180-6680	Вексельдер бойынша ықтимал талаптар (міндеттемелер)				
6200-6700	Бағалы қағаздарды сатып алу бойынша және өзге де туынды қаржы құралдары бойынша шоттар				
6300-6800	Бағалы қағаздарды сату бойынша және өзге де туынды қаржы құралдары бойынша шоттар				
6400-6900	Валюталық құндылықтарды сатып алу-сату бойынша шоттар				

**кестенің жалғасы**

Шартты және ықтимал міндеттемелер				
Тарату процесінің басында	Алдыңғы есепті күнгі жағдай бойынша	Есепті күнгі жағдай бойынша	Өзгеріс (9-баған – 8-баған)	
7	8	9	10	

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) \_\_\_\_\_ телефоны \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_  
тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)  
Төраға немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_  
қолы, телефоны

\_\_\_\_\_  
тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)  
Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
қолы, телефоны

Таратылатын банктің  
баланстан тыс шоттары  
бойынша есеп нысанына  
қосымша

## **Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

**Таратылатын банктің баланстан тыс шоттары бойынша есеп (индекс: F2-LKB, кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық)**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Таратылатын банктің баланстан тыс шоттары бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 74-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Ай сайынғы есеп қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша үшін жасалады. Ай сайынғы есеп қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша үшін жасалады. Есепті айдан кейінгі айдың бірінші күні ай сайынғы есептің есепті күні болып табылады. Алдыңғы есептің есепті күні ай сайынғы есеп үшін алдыңғы есепті күн болып табылады.

Жартыжылдық есеп бірінші жартыжылдық үшін ұсынылады. Жылдың 1 (бірінші) шілдесі жартыжылдық есептің есепті күні болып табылады. 1 (бірінші) қаңтардан бастап 30 (отызыншы) маусымға дейін бірінші жарты жылдық жартыжылдық есептің есепті кезеңі болып табылады.

Есепті жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қаңтары жылдық есептің есепті күні болып табылады. Алдыңғы жылдық есептің есепті күні жылдық есеп үшін алдыңғы есепті күн болып табылады.

4. Тарату комиссиясы нысанды есепті кезеңінің соңындағы жағдай бойынша жасайды. Нысанда деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кіші сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.



5. Нысанға тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Есептің нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

6. Жартыжылдық есепті жасау кезінде Нысан маусым үшін бөлек және бірінші жартыжылдық үшін бөлек жасалады.

7. Жылдық есепті жасау кезінде Нысан желтоқсан үшін бөлек және күнтізбелік жыл үшін бөлек жасалады.

8. Аралық тарату балансына Нысанды беру кезінде Нысанның 4 және 8-бағандары толтырылмайды, Нысанның 5 және 9-бағандары аралық тарату балансын жасаған күні толтырылады, Нысанның 6 және 10-бағандарында тарату процесі басталғаннан аралық тарату балансын жасалған күнгі деректердің өзгерістері көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту  
Агенттігінің Басқармасының  
2020 жылғы 14 желтоқсандағы  
№ 116 Қаулыға  
3-қосымша

## **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректердің нысаны мына интернет-ресурста орналастырылған:  
[www.finreg.kz](http://www.finreg.kz)

## **Таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: F3-LKB

Кезеңділігі: ай сайынғы, жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20\_\_\_ жылғы "\_\_\_" "\_\_\_" жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын адамдар тобы: ерікті және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиялары

Ұсыну мерзімі:

ай сайынғы есеп:

тарату комиссиясында бөлімшелер болмаған кезде-есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) күнінен кешіктірмей;

тарату комиссиясында бөлімшелер болған кезде-есепті айдан кейінгі айдың 8 ( сегізінші) күнінен кешіктірмей;

бірінші жартыжылдықтың есебі:

тарату комиссиясында бөлімшелер болмаған кезде-6 (алтыншы) шілдеден кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда-8 (сегізінші) шілдеден кешіктірмей;

жылдық есеп:

тарату комиссиясында бөлімшелер болмаған кезде-есепті жылдан кейінгі жылдың 25 (жиырма бесінші) қаңтарынан кешіктірмей;

тарату комиссиясында бөлімшелер болған кезде - есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) қаңтарынан кешіктірмей.

Нысан  
(мың теңгемен)

№	Көрсеткіштер	Баланстық шоттың нөмірі	Тарату процесінің басында	Алдыңғы есепті күні	Есепті күн
1	2	3	4	5	6
1.	Ақша				
1.1	Кассадағы қолма-қол ақша				
1.2	Жолдағы банкноттар мен монеталар				
2.	Корреспонденттік және ағымдағы шоттар				
3.	Бағалы қағаздар, оның ішінде:				
3.1	Бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы				
4.	Салымдар, оның ішінде:				
4.1	есептелген сыйақы				
5.	Берілген қарыздар, оның ішінде:				
5.1	з а ң д ы тұлғаларға:				
5.1.1	негізгі борыш				

5.1.2	есептелген сыйақы				
5.1.3	кепілмен қамтамасыз етілген				
5.1.4	кепілмен қамтамасыз етілмеген				
5.2	жеке тұлғаларға:				
5.2.1	негізгі борыш				
5.2.2	есептелген сыйақы				
5.2.3	кепілмен қамтамасыз етілген				
5.2.4	кепілмен қамтамасыз етілмеген				
6.	Өзге де қорлар				
7.	Негізгі құралдар және материалдық емес активтер, оның ішінде:				
7.1	салынып жатқан (орнатылып жатқан) негізгі құралдар				
7.2	жер, ғимараттар және құрылыстар				
7.3	компьютерлік жабдық				
7.4	өзге де негізгі құралда				
7.5	жалға алынған ғимараттар бойынша күрделі шығындар				
7.6	көлік құралдар				
7.7	материалдық емес активтер				
8	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер				
9.	Өзге де активтер				

Актив бойынша жиынтығы, оның ішінде:				
резервтер (провизиялар)				
теріс түзету шот				
есептелген амортизация				

**кестенің жалғасы**

Өзгерістер	
тарату процесінің басындағы деректермен салыстырғанда	алдыңғы есептің күніндегі деректермен салыстырғанда
7 (6 баған – 4 баған)	8 (6 баған – 5 баған)

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық поштаның мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_ телефоны \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті басқа адам \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_ қолы, телефоны \_\_\_\_\_

Төраға немесе есепке қол қоюға уәкілетті басқа адам \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_ қолы, телефоны \_\_\_\_\_

Күні " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есептің нысанына қосымша

**Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**Таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есеп**

(индексі: F3-LKB, кезеңділігі: ай сайынғы, жартыжылдық, жылдық)

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Әкімшілік деректер нысанын толтыру туралы осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) "Таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Ай сайынғы есеп қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша үшін жасалады. Есепті айдан кейінгі айдың бірінші күні ай сайынғы

есептің есепті күні болып табылады. Ай сайынғы есеп үшін алдыңғы есептің есепті күні алдыңғы есепті күн болып табылады.

Жартыжылдық есеп бірінші жартыжылдық үшін ұсынылады. Жартыжылдық есептің есепті күні жылдың 1 (бірінші) шілдесі болып табылады. Жартыжылдық есеп үшін есепті кезең 1 (бірінші) қаңтардан бастап 30 (отызыншы) маусым аралығындағы бірінші жартыжылдық болып табылады.

Жылдық есептің есепті күні есепті жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қаңтары болып табылады. Жылдық есеп үшін алдыңғы есепті күн алдыңғы жылдық есептің есепті күні болып табылады.

4. Тарату комиссиясы нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден төмен сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді

5. Нысанға тарату комиссиясының төрағасы, Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

6. Жартыжылдық есепті қалыптастыру кезінде Нысан маусым үшін бөлек және бірінші жартыжылдық үшін бөлек жасалады.

7. Жылдық есепті құру кезінде Нысан желтоқсан үшін бөлек және күнтізбелік жыл үшін бөлек жасалады.

8. 3-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысында көзделген баланстық шоттардың нөмірлері көрсетіледі.

9. "Резервтер (провизиялар)", "Теріс түзету шоты", "Есептелген амортизация" жолдары олар әділ құны бойынша қайта бағалаумен байланысты активтер бойынша болатын жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту  
Агенттігінің Басқармасының  
2020 жылғы 14 желтоқсандағы  
№ 116 Қаулыға  
4-қосымша

**Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурсе: [www.finreg.kz](http://www.finreg.kz) орналастырылған.

### Таратылатын банк міндеттемелерінің жай-күйі туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: F4-LKB

Кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20\_\_\_ жылғы "\_\_\_" "\_\_\_" жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиялары

Ұсыну мерзімі:

Ай сайынғы есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған кезде – есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) күнінен кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған кезде - есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірмей;

біріншіжартыжылдық үшін есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған кезде - 6 (алтыншы) шілдеден кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған кезде - 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірмей;

жылдық есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған кезде – есепті жылдан кейінгі жылдың 25 (жиырма бесінші) қаңтарынан кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған кезде - есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) қаңтарынан кешіктірмей.

Нысан  
(мың теңгемен)

№	Міндеттемелердің түрі	Кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілген күні	Өткен есепті күні	Есепті күні	Өзгерістер	
					кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілген күніндегі деректермен салыстырғанда	өткен есепті күндегі деректермен салыстырғанда
1	2	3	4	5	6 (5-баған - 3-баған)	7 (5-баған - 4-баған)
	Кредиторлар талаптарының әрбір кезегі					

1.	<p>бөлігінде уәкілетті орган "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 73-бабының 4-тармағына сәйкес бекіткен кредиторлар талаптарының тізіліміне (бұдан әрі - кредиторлар талаптарының тізілімі) сәйкес кредиторлардың алдындағы міндеттемелер</p>					
2.	<p>Кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілмеген басқа кредиторлардың алдындағы міндеттемелер</p>					
3.	<p>Тарату өндірісінің ағымдағы берешегі, оның ішінде:</p>					
3.1	<p>тарату комиссиясы қызметкерлерінің алдында еңбекақы төлеу бойынша</p>					
	<p>ағымдағы салық және</p>					



3.2	бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша банктің тарату комиссиясын ың берешегі					
3.3	басқа берешек					
4.	Басқа кредиторлық берешек, оның ішінде талап етілмеген кредиторлық берешек					
	Міндеттемелер жиынтығы					

**кестенің жалғасы:**

Есепті кезең үшін (ай, жыл) өтелген, оның ішінде:				
ақшамен	мүлікпен	өзара талаптарды есепке алу	нотариустың депозитіне аударумен	Ескертпе
8	9	10	11	12

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почтаның мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) телефон

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

\_\_\_\_\_

қолы, телефон

Төраға немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

\_\_\_\_\_

қолы, телефон

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Таратылатын банк міндеттемелерінің жай-күйі туралы есеп нысана қосымша

**Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

## **Таратылатын банк міндеттемелерінің жай-күйі туралы есеп (индекс: F4-LKB, кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық)**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) "Таратылатын банк міндеттемелерінің жай-күйі туралы есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 74-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Ай сайынғы есеп қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша үшін жасалады. Есепті айдан кейінгі айдың бірінші күні ай сайынғы есептің есепті күні болып табылады. Алдыңғы есептің есепті күні ай сайынғы есеп үшін алдыңғы есепті күн болып табылады.

Жартыжылдық есеп бірінші жартыжылдық үшін ұсынылады. Жылдың 1 (бірінші) шілдесі жартыжылдық есептің есепті күні болып табылады. 1 (бірінші) қаңтардан бастап 30 (отызыншы) маусымға дейін бірінші жарты жылдық жартыжылдық есептің есепті кезеңі болып табылады.

Есепті жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қаңтары жылдық есептің есепті күні болып табылады. Алдыңғы жылдық есептің есепті күні жылдық есеп үшін алдыңғы есепті күн болып табылады.

4. Нысанды тарату комиссиясы есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасайды. Нысан есепті кезең соңында жасалады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүзге) тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. 3-бағанда енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып кредиторлардың талаптары тізілімін бекіту күніне деректер көрсетіледі.

7. Жартыжылдық есепті қалыптастырған кезде Нысан маусым үшін жеке және бірінші жартыжылдық үшін жеке жасалады.

8. Жылдық есепті қалыптастырған кезде Нысан желтоқсан үшін жеке және күнтізбелік жыл үшін жеке жасалады.

## Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Нысан қайда ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректер нысаны: [www.finreg.kz](http://www.finreg.kz) интернет-ресурсына орналастырылған

## Таратылатын банктің касса және ағымдағы шоттар бойынша ақша қалдықтары және қозғалысы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысаны индексі: F5-LKB

Кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиялары

Ұсыну мерзімі:

ай сайынғы есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) кешіктірмей;

бірінші жартыжылдық үшін есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда – 6 (алтыншы) шілдеден кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда - 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірмей;

жылдық есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда есепті айдан кейінгі жылдың - 25 (жиырма бесінші) қаңтарынан кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда есепті жылдан кейінгі жылдың - 30 (отызыншы) қаңтарынан кешіктірмей.

Нысан  
(мың теңгемен)

№	Көрсеткіш атауы	Есепті кезеңде барлығы
1	2	3
1	Алдыңғы есептің күнге ақша қалдығы, оның ішінде:	
1.1	кассадағы қолма-қол ақша	
1.2	ағымдағы шот	
1.3	басқа да қаражат	

2	Ақшаның түсуі, оның ішінде:	
2.1	Қарыздар бойынша берешекті өтеуден	
2.2	басқа да дебиторлық берешекті өтеуден	
2.3	мүлікті сатудан	
2.4	аукционға қатысу үшін кепіл жарнасы есебінен	
2.5	кассадан ағымдағы шотқа қолма-қол ақшаны есептеу есебінен	
2.6	басқа да түсімдер	
3	Ақша шығысы, оның ішінде:	
3.1	Тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз етуге	
3.2	кредиторлар талаптарының тізіліміне сәйкес кредиторлармен есептесулерді жүзеге асыруға	
3.3	қате нұсқаулар бойынша түскен ақшаны қайтару бойынша	
3.4	банктік шоттары жабылған адамдардың пайдасына түскен және түсетін ақшаны қайтару бойынша	
3.5	берешегі болмаған кезде банк лицензиясынан айырылғаннан кейін олардың банктік шоттарына түскен ақша аударымдары бойынша клиенттердің нұсқауларын орындау бойынша	
3.6	ағымдағы шотты толтыру үшін кассадан қолма-қол ақшаны инкассациялау	
3.7	аукционға қатысу үшін есептелген кепіл жарнасын қайтару	
3.8	басқа да шығыстар	
4	Есепті күнге ақша қалдығы, оның ішінде:	
4.1	кассاداғы қолма-қол ақша	
4.2	ағымдағы шот	
4.3	басқа да қаражат	

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

телефоны \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

\_\_\_\_\_  
қолы, телефоны

Төраға немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

\_\_\_\_\_  
қолы, телефоны

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Таратылатын банктің касса және  
ағымдағы шоттар бойынша  
ақша қалдықтары және  
қозғалысы туралы есеп  
нысанына  
қосымша

## **Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

### **Касса және ағымдағы шоттар бойынша таратылатын банктің ақша қалдығы және қозғалысы туралы есеп**

(индексі: F5-LKB, кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық)

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Таратылатын банктің касса және ағымдағы шоттар бойынша ақша қалдықтары және қозғалысы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 74-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Ай сайынғы есеп қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша үшін жасалады. Ай сайынғы есеп қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша үшін жасалады. Есепті айдан кейінгі айдың бірінші күні ай сайынғы есептің есепті күні болып табылады. Алдыңғы есептің есепті күні ай сайынғы есеп үшін алдыңғы есепті күн болып табылады.

Жартыжылдық есеп бірінші жартыжылдық үшін ұсынылады. Жылдың 1 (бірінші) шілдесі жартыжылдық есептің есепті күні болып табылады. 1 (бірінші) қаңтардан бастап 30 (отызыншы) маусымға дейін бірінші жарты жылдық жартыжылдық есептің есепті кезеңі болып табылады.

Есепті жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қаңтары жылдық есептің есепті күні болып табылады. Алдыңғы жылдық есептің есепті күні жылдық есеп үшін алдыңғы есепті күн болып табылады.

